

Шарттары	Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану салдарын жоюға немесе Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес І санаттағы объектіні пайдалану салдарын жоюға байланысты жұмыстарды қаржыландыруға арналған «Жер қойнауы» шартты салымы
Валютасы	теңге/АҚШ доллары
Салымның сомасы	1 000 теңгеден/ 5 АҚШ долларынан бастап
Салымның максималды сомасы	20 000 000 000 теңге/50 000 000 АҚШ доллары
Пайыздық мөлшерлеме	теңге – жылдық 3,5% АҚШ доллары – жылдық 0,1%
Жылдық тиімді пайыздық мөлшерлеме	теңге – жылдық 3,5% АҚШ доллары – жылдық 0,1%
Мерзімі	Бизнес-клиенттердің банктік салым шартында (бұдан әрі – Шарт) айқындалған мән-жайдың (бұдан әрі – Мән-жай) орын алуына дейін
Сыйақы төлеу	Қазақстан Республикасының салық заңнамасында қарастырылуы жағдайында төлем көзіндегі табыс салығын ұстаумен клиенттің АО «Alatau City Bank» (бұдан әрі – Банк) ашылған ағымдағы шотына салымның жинақ шотында іс жүзіндегі болу кезеңі үшін бүкіл салым сомасын қайтару күніне сәйкес келетін күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей салым мерзімінің аяғында төленеді
Қосымша жарналар	максималды салым сомасына дейін қарастырылғаны
Салымды бөліп алу/мерзімінен бұрын қайтару	салымды бөліп алу/мерзімінен толығымен алу (қайтару) Банк салымын кепілге салу шартын жасасқан құзыретті мемлекеттік органның (бұдан әрі — Кепіл ұстаушы) келісімі қоса тіркелген клиенттің жазбаша өтініші келіп түскен күннен бастап 7 күнтізбелік күннен кешіктірмей қарастырылған. Клиенттің, Кепіл ұстаушының және Банктің арасында салымға қатысты кепіл шарты жасалған жағдайда, Кепіл ұстаушының келісімі клиенттің жазбаша өтінішіне қоса тіркеледі. Банк салымын кепілге салу шарты жасалмаған жағдайда, салым Кепіл ұстаушының келісімін қоса тіркеместен клиенттің жазбаша өтінішінің негізінде қайтарылады.
Салымды қайтару бойынша міндеттемелерге кепілдік беру	Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың/жеке нотариустың/жеке сот орындаушысының/ шаруа (фермер) шаруашылығының/ кәсіби медиатордың/адвокаттың салымдарын қайтару жөніндегі Банктің міндеттемелеріне «Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ кепілдік береді Кепілдендірілетін ең жоғары сома: - теңгедегі салым бойынша - 10 000 000 теңге; - шетел валютасындағы салым бойынша - 5 000 000 теңге.
Салымды мерзімінен бұрын толығымен/бөліп алу (қайтару) жағдайындағы сыйақы мөлшерлемесі немесе оны анықтау тәртібі	салымды мерзімінен бұрын алудың (қайтарудың) келесідей кез келген жағдайында: 1. салымды басқа екінші деңгейдегі банкке аудару жағдайында; 2. Шартпен анықталған Мән-жайдың орын алуына дейін (салым құзыретті мемлекеттік органға кепілге салынбаған жағдайда) салымды қайтару жағдайында, Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен қарастырылуы шартымен сыйақы төлем көзіндегі табыс салығын ұстаумен ақшаның салымда іс жүзіндегі болу кезеңі үшін салымның қайтарылу күнінде қолданылатын «До востребования» салымының мөлшерлемесі бойынша қайта есептелуімен төленеді. Бұл ретте, Банк алдында ұсталған төлем көзіндегі табыс салығының сомасы және салым бойынша сыйақының қайта есептелуіне орай ұсталуы тиіс төлем көзіндегі табыс салығының сомасы арасындағы айырмашылыққа төлем көзіндегі табыс салығының сомасын қайта есептейді. Артығынан төленген сыйақы сомасы салым мөлшерінен асқан жағдайда, Банк өз өкімдерінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Шартпен қарастырылған өзге құжаттардың негізінде (тікелей дебеттеу арқылы және (немесе) тыйым салынбаған өзге тәсілмен) Клиенттің Банкте ашылған банк шоттарынан аталмыш айырмашылық сомасын алады. Салымның бір бөлігі алынған жағдайда, сыйақы салымның қалған бөлігіне салым мөлшерлемесі бойынша есептеледі.